

"Қазақстан Республикасының лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру параптаратын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 195 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 18 шілдедегі № 323 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 340 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 30 қарашадағы № 91 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 қарашада № 17832 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Қазақстан Республикасының лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру параптаратын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 195 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 18 шілдедегі № 323 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14142 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 9 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Лотерея операторына қатысты Қазақстан Республикасының лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парагын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"2015 жылғы 29 қазандығы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 143-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес лотерея операторына қатысты Қазақстан Республикасының лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парагы бекітілсін.";

1-қосымша алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) қолданысқа енген күннен кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бірлескен бұйрықта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрі

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика

және арнайы есепке

алу жөніндегі комитеті

A. Мұхамедиұлы

T. Сүлейменов

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және

спорт министрінің

2018 жылғы 29 қарашадагы

№ 340 және

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2018 жылғы 30 қарашадагы

№ 91 бірлескен бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрінің

2016 жылғы 29 маусымдағы

№ 195 және

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

2016 жылғы 18 шілдедегі

№ 323 бірлескен бұйрығына

**Лотерея операторына қатысты Қазақстан Республикасының лотереялар және
лотерея қызметі туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау
саласындағы тексеру парагы**

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Бақылау субъектінің (объектінің) тексеру туралы акт _____

(№, күні)

Бақылау субъектінің (объектінің) атауы _____

бақылау субъектінің (объектінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Орналасқан орнының мекенжайы _____

p/ с №	Талаптар тізбесі	Талап етіледі	Талап етілмейді	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4	5	6
1	Лотерея операторының қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуга) және терроризмді қаржыландыруға қары талаптардың сакталуын бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін уәкілдегі органды ақпаратты ұсыну жағдайын қоспағанда, лотереяны ұтқан қатысушы туралы мәліметтерді, егер оның жазбаша келісімі алынбаса, жария етпеу жөніндегі талаптарды сактауы				
2	Лотерея операторының лотереялық ақпаратты өндеу орталығының Қазақстан Республикасының аумағында орналасуы бойынша талаптарды сактауы				
3	Лотерея операторының лотерея жабдығына койылатын т а л а п т а р д ы с а к т а у ы : 1) техникалық сипаттамалар жүлде корын ұтыс ойынына салу кезінде ұтыстарды бөлудің кездейсоқ болуын қ а м т а м а с ы з е т е д і ; 2) мұндай ұтыс ойынының басталуына дейін жүлделі кор ұтысын өткізу нәтижесін алдын ала айқындауға мүмкіндік беретін жасырын мүмкіндіктер және (немесе) рәсімдер мен алгоритмдердің болмауы ; 3) лотерея мөлшерлемесін қабылдауды және тіркеуді қамтамасыз етпеуге тиіс, соңдай-ақ байланыс желісі арқылы лотерея терминалдарымен қосылмауға тиіс				
	Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуга) және терроризмді				

	<p>каржыландыруға карсы іс-кимыл туралы заңнама талаптарын сактау, атап айтқанда:</p> <p>1) өз клиенттері (олардың өкілдері) мен бенефициарлық меншіктерге дұрыс тексеру жүргізу кезінде мына шараларды жүзеге асыру:</p> <p>жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу, оның жеке басын куәландыратын құжаттар деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі, сондай-ақ заңды мекенжайы; клиент (оның өкілі) және бенефициар меншігі туралы шынайылықты тексеру және мәліметтерді жаңарту;</p> <p>2) ішкі бақылау қағидаларына сәйкес өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициар меншіктерін тиісті тексеруді жүзеге асыру</p>		
4	<p>Лотерея операторының лотереяны өткізу шарттары мынадай мәліметтерді қамтитын талаптарды сактауы:</p> <p>1) лотереяның атасын;</p> <p>2) лотерея түрінің көрсетілуін;</p> <p>3) орналасқан жері, банктік деректемелері, бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетілген лотерея операторының атасын;</p> <p>4) лотерея өткізілетін мерзімдерді;</p> <p>5) лотерея тұжырымдамасының сипаттамасын;</p> <p>6) лотереяның ұйымдастырушылық-технологиялық сипаттамасын;</p> <p>7) лотереяга қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін;</p> <p>8) ұтты деп танылған лотереяга қатысушыға ұтысты төлеу тәртібі мен мерзімдерін, сондай-ақ ұтыс шыққан лотерея билеттеріне, түбіртектерге немесе өзге де құжаттарға сараптама жүргізу мерзімдерін;</p> <p>9) лотереяға қатысушыларды лотереяға қатысу қағидалары және жүлде қорын ұтыска салу нәтижелері туралы хабардар ету тәртібін;</p> <p>10) лотерея билеттерін, түбіртіктерді немесе өзге де құжаттарды тарату (өткізу), лотерея мөлшерлемелерін қабылдау мен тіркеу тәртібін;</p> <p>11) лотерея билетінің, түбіртектің немесе өзге де құжаттың (лотерея мөлшерлемелерінің мөлшерін) бағасын;</p> <p>12) ұтыстың мөлшері мен нысанын (ақшалай немесе заттай);</p> <p>13) жүлде қорының жоспарланып отырған мөлшерін;</p> <p>14) жүлде қорының ұтыс ойынын өткізу тәртібін, ұтыстарды айқындау алгоритмін, бас жүлдені (болған жағдайда) қалыптастыру мен ұтыска салу қағидаларын</p>		
5	<p>Лотерея операторының өткізілген лотерея билеттерінен, түбіртектерден немесе өзге де құжаттардан, нақты лотереяның тіркелген лотерея мөлшерлемелерінен түскен түсімнің кемінде елу пайызы мөлшерінде жүлде қорын қалыптастыруды қамтамасыз ету бойынша міндеттерді сактауы</p>		
6	<p>Лотерея операторының ұтыстарды төлеуді жүзеге асыру бойынша талаптарды сактауы</p>		
7	<p>Лотерея операторының ұтыстарды төлеуді жүзеге асыру бойынша талаптарды сактауы</p>		
	<p>Лотерея операторының лотерея өткізу шарттарында белгіленген мерзімде талап етілмеген ұтыстарды тиісті тираждың нәтижесі (жүлде қорын ұтыска салу) жарияланған</p>		

8	кезден бастап үш жыл бойы сактау, сондай-ак олар салықтық емес төлем түрінде бюджет кірісіне есепке жатқызу бойынша талаптарды сақтауы			
9	<p>Лотерея операторының лотерея билеттерінде, тұбіртектерде немесе өзге де құжаттарда мынадай міндетті ақпаратты қамту бойынша талаптарды сақтауы:</p> <p>1) лотереяның атауы;</p> <p>2) лотерея операторының атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері және интернет-ресурсы;</p> <p>3) тираждың нөмірі немесе атауы (тираждың лотереялар үшін);</p> <p>4) лотерея билетінің, тұбіртектің немесе өзге де құжаттың нөмірі;</p> <p>5) лотерея билетінің, тұбіртектің немесе өзге де құжаттың бағасы;</p> <p>6) жүлде қорының ұтыс ойының өткізу күні мен орны (тираждың лотерея үшін);</p> <p>7) ұтысты алу орны мен мерзімдері туралы деректер;</p> <p>8) жүлде қорының мөлшері</p>			
10	Тираждық комиссия мүшелерімен хаттаманы және тиражды өткізу нәтижелерінің ресми кестесіне қол қою арқылы тіркелетін лотерея билеттері, тұбіртектері немесе өзге де құжаттары және (немесе) тіркелген лотерея ұтысы тиражының ойынында катысатын санын раставу бойынша тираждық комиссиясының міндеттерін сақтау			
11	Лотерея операторының жүлде қорының әрбір ұтыс ойынын және лотерея билеттері, тұбіртектер немесе өзге де құжаттар, тираждық лотереяның тіркелген лотерея мөлшерлемелері бойынша ұтыстардың нәтижелерін лотерея операторы көрсетілген ұтыс ойыны өткізілген кезден бастап үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жариялады немесе он екі сағат ішінде лотерея операторының интернет-ресурсында орналастыруға қойылатын талаптарды сақтауы			
12	Лотерея операторының өткізілген лотерея билеттерінен, тұбіртектерден немесе өзге де құжаттардан, тіркелген лотерея мөлшерлемелерінен түскен түсім мен жүлде қоры арасындағы айырманың кемінде он пайызын спортты дамытуға тоқсан сайын бағыттау міндеттін сақтауы			

Лауазымды тұлға (тұлғалар) _____

—

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

Бақылау субъектінің басшысы _____

—

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК